



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
2017 жылғы “ _____ ” _____ « _____ » _____ 2017 года
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
№ _____

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е. А. Досаевқа**

2017 жылғы 15 қарашада
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы!

Қазақстанның архив мекемелерінің кейінгі 300 жылдан астам уақыт ішінде үлкен еңбекпен жиналған, тарихи және саяси мәні зор бірегей құжаттар мен айғақтарды сақтап, мемлекетіміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды ерекше. Қазіргі уақытта елімізде құрамына 5 республикалық және 207 өңірлік архив мекемесі кіретін мемлекеттік архивтердің бірыңғай желісі қалыптасқан. Оларда 23 миллионнан астам архив ісі бар, олардың 18 миллионы Ұлттық архив қорына жатқызылған. Алайда, осынау бағажетпес қымбат құндылықтарды сақтау мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Бұған біз республикалық және өңірлік архивтерде болғанымызда анық көз жеткіздік.

Атап айтқанда, еліміздің архив мекемелерін сенімді күзетпен қамтамасыз ету керек. Бұл ретте оларды ұзақ жылдар бойы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған бөлімшелері күзетіп келгендігін ескерген жөн. Алайда, бюджет шығыстарын оңтайландыруға байланысты архивтер Үкімет қаулысымен бекітілген мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілердің тізбесінен 2012 жылдан бастап шығарылған. Содан бері оларды күзету қызметін мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша жеке меншік күзет ұйымдары күзетіп келеді.

Аталған конкурстар жыл сайын өткізіліп, арзан баға ұсынатын жеткізушілер жеңімпаз атанатындығы мәлім. Мұның өзі жеке меншік күзет агенттіктерінің жиі ауысуына әкеліп соғатындықтан, әрі олардың

қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі әрдайым көңілден шыға бермейтіндіктен, архивтер басшыларыаса құнды құжаттардың сақталуына елеулі алаңдаушылықбілдіріп отыр. Мысалы,өткен жылы Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік архивті күзететін жекеменшік күзет агенттігінің күзетшілері өрт қауіпсіздігі талаптарын өрескел бұзған. Сөйтіп оларқазақ хандарының Ресей және Қытай императорларымен алысқан хаттары сияқты бірегей құжаттар және «күпия» және «аса күпия» деген белгілер қойылған 40 мыңнан астам құжат сақтаулы тұрған Орталық мемлекеттік архивтің отқа орану қаупін туғызған.

Осы көкейкесті мәселені Мәдениет және спорт министрлігі соңғы жылдары бірнеше рет көтерсе де, шеше алар емес. Өйткені, Ішкі істер министрлігі Мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелерінің штаттық санының лимиті таусылды деген сылтауға сүйенуден танбайды.

Ал ықылас болса,бұл мәселені оң шешудің жолы табылатындығын Жамбыл облысының тәжірибесі көрсетіп берді. Аталған өңір әкімдігінің 2017 жылғы 22 маусымдағы қаулысына сәйкес Жамбыл облысының мемлекеттік архиві айрықша маңызды мемлекеттік объект ретінде террористік тұрғыдан әлсіз объектілер тізбесіне енгізіліп, мемлекеттік күзетуге алынған.Жоғарыда айтылған жайларды ескере келе, Сізден "Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 1530-29қ қаулысына тиісті түзету енгізіп, еліміздің архивтерін айрықша маңызды мемлекеттік объектілер ретінде мемлекеттік күзетуге алу туралы мәселеніқарастыруыңызды сұраймын.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінемін.

**Құрметпен,
депутат, «Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшесі**

К. Мұсырман